

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 94 (9671) 1955 жылғы 12 май Бейсенбі Шығуына 36 жыл, жеке саны 20 тыйын.

## Бейбіт құрылыс заемы

Газетіміздің бүгінгі номерінде ССРО Министрлер Советінің ССРО Халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік замын (1955 жылы шығарылған) шығару туралы қаулысы жарияланған отыр. Жаңа заем ССРО-ның халық шаруашылығын онан әрі өркендету шараларын жүзеге асыруға халық қаржысын қатыстыруды көздейді. Бұл заем 32 миллиард сом мөлшерінде 20 жыл мерзімге шығарылады.

Кеше, Мемлекеттік жаңа заемнің шығарылуы туралы хабар радио арқылы берілісімен-ақ облыс еңбекшілерінің үкметтің заем шығару туралы қаулысын бірауыздан қуаттағандықтары туралы хабарлар редакцияға көптеп түсе бастады.

Бүкіл еліміздегі сыяқты, облысымыздың еңбекшілері де өздерінің мемлекетке қарызға беретін қаржыларының халық мүддесіне жұмсалатынын және оның социалистік Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендетуге көмектесетінін жақсы біледі.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылығымен еліміздің еңбекшілері коммунизмнің жеңісіне қарай сеніммен алға басып келеді. Бұған совет халқының халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларын өркендетуде қол жеткен тамаша табыстары айқын дәлел бола алады.

Совет Одағының халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарының тапсырмалары жыл сайын ойдағыдай орындалып келеді. Отанымыздың экономикалық қуаттылығы мен қорғаныс қабілетінің, халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетудің негізі және халқымыздың әл-ауқатын арттырудың қайнар көзі болып табылатын ауыр индустрия көзірігі уақытта өнімді соғысқа дейінгі, 1940 жылғымен салыстырғанда 3,5 есе дерлік көп өндіріп отыр. ССРО-ның бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 1954 жылы, 1953 жылымен салыстырғанда, 13 процент, ал 1950 жылғымен салыстырғанда — 65 процент өсті.

Совет Одағының барлық туысқан республикалары сыяқты, біздің республикамыздың социалистік өнеркәсібі де жедел қарқынмен өркендеуде. Барлық

егін салынды. Осының нәтижесінде республикамыз астық өндіруді шұғыл арттырып, өткен жылы, 1953 жылға қарағанда, астықты елімізге екі есе көп тапсырды.

Социалистік халық шаруашылығының тез қарқынмен өсуі негізінде ССРО-ның ұлттық табысы үздіксіз артып келеді. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы артып, шаруалардың табысы да молаюда, товарлардың бағасы үнемі кемітілуде. Бөлшек сауда бағасын кеміту және жалақыны арттырудың бесінші бесжылдықта белгіленген тапсырмасы мерзімінен бұрын орындалды.

Біздің елімізде тұрғын үй және мәдени құрылыстар, қалалар мен селоларды көркейту кең көлемде жүргізілуде. 1954 жылдың өзінде ғана жалпы көлемі 32 миллион шаршы метрден астам тұрғын үйлер салынды. Селолық жерлерде 470 мың жаңа тұрғын үйлер салынып, пайдалануға берілді. Ғылыми мекемелердің жоғары және орта оқу орындарының, мектептер мен ауруханалардың, балалар мекемелерінің, кітапханалардың және театрлардың, балалар үйлері мен санаторийлердің жүйесі барған сайын кеңейіп келеді.

Кәзір еліміздің халық шаруашылығы онан әрі өркендетуде аса күрделі міндеттер алға қойылып отыр. 1955—1956 жылдары тың және тыңайған жерлердегі егіс көлемін 28—30 миллион гектарға жеткізу, таяудағы бес-алты жыл ішінде астықтың жыл сайынғы түсімін 10 миллиард пұтқа жеткізу керек. Ал ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіру екі—екі еседен аса арттырылуға тиіс. 1955 жылы социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шараларына көп қаржы бөлінеді.

Біздің елімізде халық шаруашылығы мен мәдени құрылыстың барлық саласын қаржыландыру Мемлекеттік бюджетпен қамтамасыз етіледі. Бюджет кірісінің негізгі көзі социалистік шаруашылықтан алынатын үздіксіз ұлғайып отыратын түсімдер болып табылады. Совет заемдары бюджеттің қосымша кірісі болып саналады.

Еліміздің халық шаруашылығын онан әрі өркендету шараларын жүзеге асыру ісіне өздерінің жеке қаржыларымен қы-

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемына ұйымшылдықпен жазылып, сүйікті Отанымыздың экономикалық қуатын онан әрі нығайта берейік!

## ССРО Министрлер Советінде

### ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМЫН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ (1955 ЖЫЛЫ ШЫҒАРЫЛҒАН)

ССРО-ның халық шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін халықтың қаржысын қатыстыру мақсатымен ССРО Одағының Министрлер Советі қаулы етеді:

1. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемы (1955 жылы шығарылған) шығарылсын, оның сомасы 32 миллиард сом, мерзімі 20 жыл болсын.

2. Заемның облигациялары және олардың ұтыстары мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдардан босатылсын.

3. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемының (1955 жылы шығарылған) ССРО Финанс министрлігі тапсырған шарттары бекітілсін.

ССРО Министрлер Советі бекіткен

## ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын шығарудың (1955 жылы шығарылған) ШАРТТАРЫ

1. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемы (1955 жылы шығарылған) 1955 жылғы 1 ноябрьден 1975 жылғы 1 ноябрьге дейінгі мерзімге шығарылады.

2. Заем тек халықтың арасында таратуға ғана арналған. Заемды тарату тәртібін ССРО Финанс министрлігі белгілейді.

3. Заем разрядтарға бөлініп, әрбір разрядта 100 миллион сомнан болады.

Әрбір разрядта 20.000 серия болады. Әрбір разрядтың серияларында № 180.001-ден № 200.000-ға дейін номері болады.

Әрбір серияда облигациялардың № 01-ден № 50-ге дейін номері болады.

4. Заемның облигациялары 500, 200, 100, 50, 25 және 10 сомдық болып шығарылады.

500 және 200 сомдық облигациялардың өздері тиісінше бір серияның бес немесе екі жүз сомдық облигацияларынан құралады, бес немесе екі номері болады және бес немесе екі ұтыс алуға право

береді, бұл ұтыс облигацияда көрсетілген номерлердің әрқайсысына бір мезгілде шығады.

50, 25 және 10 сомдық облигациялар 100 сомдық облигациялардың бөлімшесі болып табылады, бұлар жүз сомдық облигацияға шыққан ұтыстың тиісті үлесін (1/2, 1/4, 1/10) алуға право береді.

5. Заемның облигацияларынан түсетін барлық табыс ұтыс түрінде төленеді.

Ұтыстың жалпы сомасы заемның жиырма жылдық мерзімінің ішінде орта есеппен жылына 2 процент есебінен белгіленген.

Заемның жиырма жылдық мерзімі ішінде барлық облигациялардың 25 проценті ұтады, ал облигациялардың қалған 75 процентіне өз құны төленеді.

Ұтыс шыққан облигация өтеледі де, содан былайғы тираждардан шығарылады.

Заемның ұтыс мөлшері жүз сомдық облигацияға, облигацияның өз құнын есеппен (жүз сом), 5.000, 1.000, 500

және 200 сом болып белгіленеді.

6. Заемның жиырма жылдық мерзімі ішінде жыл сайын екі тираждан — 40 ұтыс тиражы өткізіледі.

Ұтыс тираждары 1956 жылдан бастап, ССРО Финанс министрлігі белгілеген мерзімдерде өткізіліп тұрады.

7. Әрбір тиражында заемның әрбір разрядына, яғни әрбір 100 миллион сомына мынадай мөлшерде ұтыс шығады:

Облигацияның өз құнын қоса есептегенде, жүз сомдық облигацияға шығатын ұтыстардың мөлшері	Ойналатын ұтыстардың саны	
	Бір тиражда	Барлық 40 тиражда
5.000 сом	3	120
1.000 сом	30	1.200
500 сом	300	12.000
200 сом	5.917	236.680

Ұтыстың жалпы саны	6.250	250.000
Ұтыстың жалпы сомасы (сом есебімен)	1.378.400	55.136.000

8. Ұтпаған облигацияларға 1960 жылғы 1 ноябрьден бастап заем мерзімінің аяқталуына дейінгі қалған 15 жыл ішінде олардың өз құны төленеді (сатып алынады).

Заемның әрбір 100 миллион сомынан жыл сайын: 1960—1965 жылдары 1.250.000 сомнан, 1966—1970 жылдары 3.000.000 сомнан, 1971—1975 жылдары 10.500.000 сомнан сатып алынып тұрады.

1960—1974 жылдары сатып алынуға жататын заемның облигациялары жыл сайын өткізілетін өтеу тиражы арқылы белгіленеді. Өтеу тираждарын өткізу мерзімдерін ССРО Финанс министрлігі белгілеп отырады.

Өтеу тираждарында шықпаған облигациялар 1975 жылғы 1 ноябрьден бастап сатып алынады.

9. Ұтыс шыққан облигацияларға, сол сияқты өз құны бойынша сатып алынуға жататын облигацияларға 1976 жылғы 1 ноябрьге дейін ақша алуға болады, бұл мерзім өткеннен кейін ақша алуға ұсынылмаған облигациялар құнын жоюға да, оларға ақша төленбейді.

ССРО Финанс министрі А. ЗВЕРЕВ.



ның еңбекшілері де ССРО-ның индустриялық қуатын нығайтуға өз үлестерін қосып келеді. 1954 жылы Қазақ ССР-інде барлық өнеркәсіптің жалпы өнімі, 1953 жылғымен салыстырғанда 12 процент, ал 1950 жылғыдан 60 процент шамасында артты. Көмір, болат, прокат және өнімнің тағы басқа да түрлерін шығару жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Халық тұтынатын товарлар шығару мен бөлшек сауда товар айналымы анағұрлым өсті.

СОБП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және январь Пленумдарының тарихи қаулыларында белгіленген ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің программасын еліміздің еңбекшілері асқан жігермен ойдағыдай жүзеге асыруда. Өткен жылы елімізде жоспарды белгіленген 13 миллион гектардың орнына, 17,6 миллион гектар тың және тыңайған жерлер игеріліп, осының есебінен егіс көлемі мықтап ұлғайтылды. Мемлекетке астық тапсыру жоспары мен астық сатып алу мерзімінен бұрын орындалды. 1953 жылға қарағанда, елімізде астық, мақта, картоп, овоц, ет, сүт және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіру едәуір асып түсті.

Астық өнімін арттыру жөніндегі бүкілхалықтық күреске Қазақстан, оның ішінде біздің облысымыз да өзінің айтарлықтай үлесін қосты. Облысымыз тың және тыңайған жерлер игеру жоспарын ойдағыдай орындап шықты. Ал республикамызды тұтас алатын болсақ, 1954 жылы онда жоспардағы 6 миллион 300 мың гектар орнына, 8 миллион гектардан аса тың және тыңайған жерлер игерілді. Мұның 1,6 миллион гектарына

налды. Сондықтан да совет халқы, өткен жылдардағыдай, мемлекеттік жаңа заемға бйыл да зор ұйымшылдықпен жазылуда. Советтік заем—шын мәнісіндегі халықтық заем. Ол халық мүддесіне, еліміздің экономикалық күш-қуатын онан сайын нығайту мүддесіне жұмсалады.

ССРО Мемлекеттік заемның халық шаруашылығы үшін зор маңызы бар. Партия, совет және кәсіподақ ұйымдары, шаруашылық орындарының басшылары мен финанс орындары еңбекшілердің саяси зор белсенділіктерін қолдай отырып, жаңа заемға жазылу ісін тыңғылықты ұйымдастыруға тиіс. Колхоздар мен совхоздарда, кәсіпорындар мен мекемелерде және басқа да учасоктерде заемға жазылуға байланысты бұқаралық саяси жұмысты кеңінен өрістетіп жүргізу қажет. Барлық жерлерде советтік заемның маңызы, оның қайда жұмсалатындығы кеңінен түсіндірілуге тиіс.

Заем таратуды ұйымшылдықпен жүргізуде жәрдемдесу комиссиялары мен ауыл-селолық Советтер өкілдері көп жұмыс істей алады. Сондықтан жәрдемдесу комиссияларының құрамына қолынан іс келетін адамдарды енгізіп, олардың жұмысын тыңғылықты ұйымдастыру қажет.

Бүкіл еліміздегі сыяқты, облысымыздың еңбекшілері де жаңа заемға ұйымшылдықпен жазылып, социалистік Отанымызға деген сүйіспеншілігін, партия мен үкметтің төңірегіне тығыз топтасқандығын тағы да бір рет көрсетеді, еліміздің халық шаруашылығын өркендету ісіне, коммунизм құрылысының ұлы ісіне өздерінің жаңа үлесін қосатын болады.

## ЗОР ӨРЛЕУ ҮСТІНДЕ

Қаладағы «Бірінші май» кәсіпшілік артелінің коллективі ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Артель тігіншілері жаңа заемға жазылуға арналған митингке қатысу үшін жашпай киім тігу цехының үлкен залына жыйналды. Онда бірінші болып сөз сөйлеген жашпай киім тігу цехының бастығы Вострикова жолдас былай деді:

—Совет заемның қайда жұмсалатыны бәрімізге белгілі —Біз заемға ұйымшылдықпен жазылу арқылы еліміздің халық шаруашылығының өркендеуіне, Отанымыздың қорғанымпаздық қабілетінің нығаюына, халқымыздың материалдық әл-ауқатының жақсаруына, бесінші бесжылдық жоспардың мерзімінен бұрын орындалуына көмектесеміз. Мен жаңа заемға шын ықласпен жазыламын. Артель тігіншілерін Мемлекеттік жаңа заемға ұйымшылдықпен жазылуға

шақырамын. Жаңа заем шығару туралы үкмет қаулысына жауап ретінде біздің цех коллективі май айының тапсырмасын 120 процент орындауға міндеттенеді.

Митингте сөйлеген мотористкалар Осипова, Краснова, бригадир Акиншина жолдастар Коммунистік партия мен Совет Үкметінің еңбекшілерге күнбе-күн жасап отырған әкелік қамқорлығына шын жүректен алғыс айтты. Бұл қамқорлыққа жауап ретінде олар айлық тапсырманы 140 процент орындауға серт берді.

«Бірінші май» кәсіпшілік артелінің коллективі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, май айының тапсырмасын мерзімінен бұрын орындауға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге, жоспардан тыс өнім шығаруға міндеттеме алды. Митингтен кейін тігіншілер ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемна ұйымшылдықпен жазыла бастады. Заемға жазылу кәсіпшілік артелінің барлық цехтарында зор өрлеу үстінде басталды.

Отанымыздың жүрегі— Москвадан жаңа заемның шығарылғаны туралы хабар радио арқылы берілген кезде қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасы № 2 цехының тігіншілері қызу жұмыс үстінде болатын. Заем туралы алғашқы хабарды оларға фабрика партия ұйымының секретары Попкова жолдас естіртті.

—Жолдастар,— деді ол,—ССРО Министрлер Советінің еліміздің халық шаруашылығын өркендетуге арналған жаңа заем шығару туралы қаулысын сіздерге зор қуанышпен хабарлаймын.

—Біз өзіміздің сүйікті мемлекетімізге өз қаржымызды аса зор қуанышпен қарызға береміз,—деді жаңа заемның шығарылуына арналған митингте бірінші болып сөз сөйлеген тігінші Бравава.—Өйткені біз бұл қаржының Отанымыздың гүлденуі үшін, халық игілігі үшін, жарқын, бақытты болашақ үшін жұмсалатынын жақсы білеміз.

Митингке қатысқан тігіншілер өздерінің сөздерінде туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің еңбекшілердің

материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін барынша көтеруге әкелік қамқорлық жасап отырғандықтары туралы айтты. Сол сыяқты, олар өздерінің фабрикаларының күн сайын өсіп, онда еңбек өнімділігінің артып отырғандықтарын хабарлады. Мәселен, бұл цех өткен айлық жоспарды асыра орындаған коллективтің бірі. Тек өткен күннің өзінде олар тапсырманы цех бойынша 157 процент орындап, жоспардан тыс жүздеген киім тікті. Ал, Агафонова, Шеглова жолдастар басқарған бригада мүшелері тапсырманы 200 проценттен асыра орындады.

—Біздің бақытты тұрмысқа, қажырлы еңбекке не балуымыз Коммунистік партияның ұлы қамқорлығының арқасы. Өміріміздің онан әрі сәулеттене беруі үшін, сүйікті Отанымыздың қуаттылығының еселеп артып, халық шаруашылығының қарқындап дамып беруі үшін біз жаңа заемға біркісідей жазыламыз,—

деді фабриканың озат жұмысшысы Литвинова жолдас.

Жаңа заемның шығарылғаны туралы хабарды № 3 цехтың коллективі де аса зор қуанышпен қарсы алды. Митингте сөз сөйлеген тігінші Кудрявцева жолдас жыйналғандардың жүрегіндегі шынайы сырды білдіріп, былай деді:

—Біз, совет адамдары, өзіміздің социалистік Отанымызды шексіз сүйеміз. Ал біздің мемлекетке заемға беретін әрбір сомымыз сол сүйікті Отанымыздың күш-қуаттылығын онан әрі арттырып, халықтар өмірін сәулеттендіре түседі.

Бірінен соң бірі сөз алып сөйлеген фабрика тігіншілері ССРО халық шаруашылығын өркендетудің жаңа заемна жазылуды өздерінің аса зор абройлы азаматтық борышы деп есептейтіндіктерін қуанышпен білдірді.

Митингтен кейін фабриканың барлық цехтарында жаңа заемға жазылу ұйымшылдықпен басталды.



# ХАЛЫҚ ЗАЕМЫ — ТЫҢ ЖЕРЛЕР ИГЕРУГЕ!

Бейнелеу искусствосының мемлекеттік баспасы басып шығарған суретші Б. Мухиннің жасаған плакаты. (СОТА-ның фотохроникасы).

## ХАЛЫҚ ИГЕРУГЕ ҮШІН

ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің жаңа Мемлекеттік заемын шығару жөніндегі үкмет қаулысын облыстық байланыс басқармасының қызметкерлері зор ықласпен қарсы алды. Өйткені олар заемна түскен халық қаржысының қайда жұмсалатынын жақсы біледі. Заемның әрбір сомы халық шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге көмектеседі.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің барлық саясаты халықтың мәдени-тұрмыс дәрежесін онан сайын жақсарту беруге бағытталған. Мұны байланыс қызметкерлерінің өмірінен-ақ айқын көруге болады. Олар жарық, жайлы үйлерде тұрады. Байланысшылардың жарасты тұрмыс құруына барлық жағдайлар жасалған. Көзір Ленин көшесі мен Осипенко көшесінің түйіскен жерінде байланысшылар үшін тағы да қосқабатты, сегіз пәтерлі тұрғын үй салынып жатыр. Ол алдағы күзде пайдалануға беріліп, байланысшылар су проводы бар, бұзбен жылымылатын тұруға қолайлы пәтер алатын болады.

Совет заемы облысымыздың ауыл-селоларын радиоландыруға, оларға телефон сымдарын тартуға көмектеседі. Быыл көптеген колхоздармен бірге, жаңа совхоздардың барлығы радиоландырылды. Жыл сайын мемлекеттен линия мен станция құрылыстары үшін материалдар, радио тораптары, телефон аппаратын, радиоқабылдағыштар алып тұрамыз. Бұл күндері облыстың ауыл-селоларында көптеген радио тораптары, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының үйлерінде радиоқабылдағыштар мен радиоточкалары бар.

Совет заемы—бейбітшілік заемы. Ол Отанымыздың қорғанымпаздығын нығайтуға, елімізге тап берген агрессорлардың қандайына болсын күйрете тойтарыс беруге көмектеседі.

Мен ССРО халық шаруашылығын өркендетудің жаңа мемлекеттік заемна бірінші болып, бірайлық еңбекақыма жазылдым. Байланыс басқармасының коллективі жаңа Мемлекеттік заемға ұйымшылдықпен жазылып, туған Отанымыздың көркейе беруіне өз үлестерін қосады.

Ә. МАҒАУИН,

Облыстық байланыс басқармасының аға инженері.



# Ауыл-селоға көмек көрсету—абройлы міндет

## Біздің көмек

Былғары заводының коллективі мен Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары арасында соңғы жылдары өзара тығыз ынтымақ орнады. Біздің завод жұмысшылары колхоз шаруашылығына жиі араласып, оны өркендетуге өз үлестерін қосып келеді.

Заводтың бір топ құрылысшы жұмысшылары жақында 3 мың центнерлік астық қоймасын салуды аяқтады. Колхозға мыңдаған сомның әртүрлі құрылыс материалдары берілді, мал шаруашылығын және басқа еңбекті көп қажет ететін шаруашылық салаларын механикаландыруға материалдық және адам күшімен көп көмек көрсетілді. Сол сияқты колхоз шаруашылығының аса жауапты кезеңдері—көктем егісі, мал азығын дайындау және егін жыйнау кездерінде транспортпен, адам күшімен көмек көрсету де әдетке айналды. Өткен жылы заводмыздың бір-сыпыра жұмысшылары колхоздың шаруашылық жұмыстарына көмектесіп, жүздеген еңбек күн тапты.

Колхоздың көктем егісіне үлгілі дайындықпен келуі үшін завод коллективі ауылшаруашылық машиналарын, транспорт құралдарын жөндеуге көмектесті, оларға қажетті қосалқы бөлшектер тауып берді. Кәзір заводтың бірнеше жүк машинасы колхоздың тұқымдық астығын тасуға, моторлы қайыры Есіл өзені арқылы қажетті жүктерді бөгетсіз өткізуге көмектесіп жүр.


Көктемгі егіс кезінде завод көркемөнерпаздары колхозшыларды мәдениетті қамтуға жан-жақты әзірлік жүргізді. Талуда олар колхоз бригадаларында концерттер беретін болады. Партия ұйымы лекциялар оқып, баяндамалар жасау үшін арнаулы адам жібермек.

Екі коллектив арасындағы мұндай ынтымақтастық пен өзара көмек колхоз шаруашылығын онан әрі өркендетуге көмектесетін болады.

**Ф. БЕСОВ,**  
былғары заводы партия ұйымының секретары.

## Тасымал тасқыны

Петропавл темір жол торабы арқылы тасымалданатын халық шаруашылық жүктері тасқыны жылдан-жылға артуы, жол торабының барлық жұмысшылары мен инженер-техника қызметкерлерінің өндіріс жұмыстарына деген жауапкершілігін күшейте түсуде. Коллектив мүшелері бұл абройлы және міндетті жұмыстарды мінсіз атқарып келеді. Соның нәтижесінде жол торабы арқылы тасымалданатын халықшаруашылық жүктері 1950 жылмен салыстырғанда 1954 жылы 80



Тамань дивизиясы атындағы астық совхозының заказы бойынша Петропавл вагон депосы арнаулы төрт вагонша дайындады. СУРЕТТЕ: ағаш шеберлері Н. Васильев (сол жақта) пен Ф. Телегин жолдастар ақырғы вагоншаны құрастырып жатыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Екінші кезекке қойған...

—Ауыл-селоға көмек дейсіз бе? Әрине, көмектесеміз. Қамқорлыққа алған МТС пен колхоздардың сұраған қажеттерінен бас тартқан емеспіз, —дейді шағын двигателдер заводы партия ұйымының секретары Лесняк, кәсіподақ комитетінің председатели Давыдов жолдастармен осы тақырыпта әңгімелесе қалсаңыз.

—Дәлірек айтқанда?  
—26 қаржыртқыш, «СШ-6» сеялқасын жүгері егуге қайта жабдықтау үшін 30 комплект дайындадық. Ал өткен жылы...

Өткен жылғы ауыл-селоға көрсетілген көмекке келгенде олар шешіле сөйлейді. Завод өткен жылы 18 шағын двигателді, 80 мың сомның қосымша тетіктерін жөндеуден өткізді, тракторларға 194 ступица, астық елеміштерге 500-ден астам шкив жасап берді. Қамқорлыққа алынған Октябрь ауданының «Пламя», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздары мен Семиполка МТС-не де едәуір көмек көрсетілді.

Ал былай ше? Міне, осыған келгенде завод басшылары күмілжи береді. Себебі, завод ауыл-селоға көмекті былай өткен жылғыдан әлдеқайда төмендетіп жіберген.

Завод үстіміздегі жылы өзі қамқорлыққа алған Семиполка МТС-і мен «Пламя», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарына

дарға көмек көрсетуге барлық мүмкіншілік бар.

Завод қамқорлығындағы МТС, колхоздармен тығыз байланыс жасап отырмайды. Қамқорлыққа алынған колхоздарға берілетін көмектің өсерлі болуы кәсіпорын басшыларының олардың мұқтажымен мұқият танысып, оны дереу өтеу ісін ұйымдастыруына байланысты болады. Солай бола тұрса да, завод басшылары МТС, колхоздарда болып, ондағы жағдайлармен танысқан емес.

—МТС адамдарының заводмызда бірер рет болғаны бар. Ал өзіміз баруға жер шалғай, —деседі завод басшылары.

Әрине, мәселе жерді шалғайлығында емес, завод басшыларының мұндай маңызды іске жете мән бермеуінде болып отыр. Оған заводтың партия, кәсіподақ ұйымдарының жыйналыстарында ауыл-селоға көмек көрсету жайында бірде-бір мәселе қаралмағандығы, орын алған кемшіліктерді жоюға еңбір шара қолданылмағандығы айқын дәлел. Завод басшылары қамқорлыққа алынған колхоздарға үстеміздей жылы қандай көмек көрсететіндіктерін де білмейді. Олар:

—Көмек керек болса, хабарлауға тиіс, —деген жайбарақаттықтың зиянды шырғауында қалып отыр.

## Социалистік жарыс күші

Петропавлдың мемлекеттік сыра-сусын заводының коллективі Бірінші май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа алдағылардың бірі болып қосылып, бүкілхалықтық мерекеге өздерінің лайықты өндірістік тартуларын әкелді. Коллектив адамдары бірінші тоқсанға белгіленген өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын артығымен орындап шықты. Алкогольсіз ішімдіктер дайындауда жоспар 142,2 процент, сыра 101,2 процент және арпа қайнатып дайындау 110 процентке асыра орындалды.

Коллектив адамдары еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту және өзіндік құнды мейлінше көп көміту ісіне ерекше көңіл бөліп отырады. Соның нәтижесінде тоқсан күндерінде еңбек өнімділігі 123,2 процентке арттырылып, өзіндік құнды едәуір кемітуден мемлекеттің 50 мың сомнан астам қаржысы үнемделді.

Жарыс күндерінде еменалық, айлық өндірістік тапсырмаларын үнемі асыра орындайтын, өнімді тек жоғары сапалы өндіріп шығаратын өндіріс озаттарының саны бұрынғыдан едәуір көбейе түсті. Осы заводта бірнеше жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан И. Замяткин жолдас алған міндеттемесін 160 процент етіп орындады. Бұл еңбек озатының арпа қайнатудағы жұмыс тәжірибесі жалғыз біздің республикамызда ғана емес, онан тысқары жерлерде де таратылуға.

Арпа қайнатып дайындаушы Баранов жолдас та өндіріс жұмыстарының барлық саласын жете меңгерді. Ол кәзір міндеттелген өндіріс жұмыстарын 1,5 есе асыра орындайды. Баранов жолдас өзінің көп жылғы өндіріс тәжірибесін қарамағындағы жас жұмысшыларға да әрдайым үйретіп отырады. Мәселен, жақында ғана жұмысқа кірген қайнатушы Садықов жолдас озат өндірісінің күнбе-күнгі көмегі арқасында өндірістік тапсырманы 100 проценттен асыра орындауға жетісіп жүр.

Заводта бірнеше жылдар бойы қажымай-талмай еңбек етіп, коллективтің сый-құрметіне бөленіп жүрген Я. Суторкин, Н. Михеева, Л. Мельникова жолдастар да мереке қарсаңындағы жарыста айтарлықтай еңбек етті.

Комсомолка Т. Негесова жолдасының сусындық ішімдіктер қуы цехына жұмысқа келгеніне аз ғана уақыт өтті. Өзінің ынта-жігерін өндіріс жұмыстарын тез игеруге жұмсаған Негесова жолдас, көп уақыт өтпей-ақ заводтың озат өндірісшілерінің қатарына қосылды. Ол бірінші тоқсандығы өндірістік тапсырманы 109

## ССРО Делегациясының Европада бейбітшілікті және хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің Варшавада болатын кеңесіне жүріп кетуі

10 майда ССРО Делегациясы Европада бейбітшілікті және хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің кеңесіне қатысу үшін Москвадан Варшаваға жүріп кетті.

ССРО Делегациясының құрамына мыналар кіреді: ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин (Делегацияның басшысы), ССРО Министрлер Советі Председатели Бірінші Орынбасары, ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, ССРО Қорғаныс Министрі, Совет Одағының Маршалы Г. К. Жуков, Совет Одағының Маршалы И. С. Ковов, РСФСР Министрлер Советінің Председатели А. М. Пузанов, Украин ССР Министрлер Советінің Председатели Н. Т. Кальченко, Белорус ССР Министрлер Советінің Председатели К. Т. Мазуров, Латыш ССР Министрлер Советінің Председатели В. Т. Лацис, Литван ССР Министрлер Советінің Председатели М. А. Гедвилас, Эстон ССР Министрлер Советінің Председатели А. А. Мюрисен, ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары В. А. Зорин және ССРО-ның Польшадағы Елшісі П. К. Пономаренко.

ССРО Делегациясы сол күні Варшаваға келді.

(СОТА).

## Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің кеңесіне қатысатын ССРО Делегациясының Варшаваға келуі

ВАРШАВА, 10 май. (СОТА). Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің кеңесіне қатысу үшін Советтік Социалистік Республикалар Одағының Делегациясы бүгін Варшаваға келді.

Делегацияны ССРО Одағы Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин бас-тап келді, Делегацияның құрамында мыналар бар: ССРО Министрлер Советі Председатели Бірінші Орынбасары және ССРО Одағы Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, ССРО Қорғаныс Министрі, Совет Одағының Маршалы Г. К. Жуков, Совет Одағының Маршалы И. С. Ковов, РСФСР Министрлер Советінің Председатели А. М. Пузанов, Украин ССР Министрлер Советінің Председатели Н. Т. Кальченко, Белорус ССР Министрлер Советінің Председатели К. Т. Мазуров, Латыш ССР Министрлер Советінің Председатели В. Т. Лацис, Литван ССР Министрлер Советінің Председатели М. А. Гедвилас, Эстон ССР Министрлер Советінің Председатели А. А. Мюрисен, ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары В. А. Зорин.

Делегацияның құрамында мұнымен қатар ССРО-ның Поляк Халық Республи-касындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі П. К. Пономаренко бар.

Варшавадағы орталық Окенче аэродромында Делегацияны мыналар қарсы алды: Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитетінің Бірінші секретары Болеслав Берут, Поляк Халық Республикасының Мемлекеттік Советінің Председатели Александр Завадский, Министрлер Советінің Председатели Юзеф Циранкевич, Министрлер Советі Председателиның орынбасары және Ұлттық қорғаныс ми-нистрі, Польшаның Маршалы Константин Рокоссовский, Польшаның Біріккен жұ-мысшы партиясының Орталық Комитеті саяси бюросының мүшелері Зенон Новак, Якуб Берман, Эдвард Охаб, Роман Забровский, Франтишек Юквяк, Станислав Раджевич, Сыртқы істер министрі Станислав Склешевский және басқа ресми адам-дар.

Делегацияны мұнымен қатар кеңеске қатысу үшін Варшаваға келген делега-циялардың басшылары: Герман Демократиялық Республикасынан —Отто Гротевольд, Венгриядан — Айдраш Хегедюш, Румыниядан — Г. Георгиу-Деж, Болгариядан — Вьлко Червенков, Албаниядан—Мехмет Шеху, сондай-ақ аталған делегациялардың мүшелері, Варшаваға тіркелген бірқатар елдер елшіліктерінің басшылары, Польша-ның және шетелдік баспасөздің өкілдері қарсы алды.

Аэродром ССРО мен Поляк Халық Республикасының мемлекеттік жалаулары-мен бөсендірілді. Кездесу кезінде құрметті қаруыл қойылды және Совет Одағы мен Поляк Халық Республикасының Мемлекеттік гимндері орындалды.

Варшаваға келген бойда Н. А. Булганин аэродромда мынадай мәлімдеме жаса-ды:

Қымбатты достар!

Совет Ұлттарының бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кеңесіне қатысу үшін Варшаваға келді.



Жол торабында өнімді еңбек етуге, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік беретін жағдай — ауыр жүк тиелген составтарды көп алып жүру болып табылады. Бұл жұмыс бөлімшеде кең өріс алып, 1954 жылы бөлімше арқылы жүргізілген ауыр салмақты поездар 1950 жылғыдан 2,5 есеге дейін артық болды. Ал быйығы жылдың бірінші тоқсанындағы өрсөткіш одан да жоғары болып отыр. Бұл тоқсанда жүргізілген ауыр салмақты поездар 1954 жылдың алты айында жүргізілген ауыр салмақты поездардан әлдеқайда артық болып шықты. Сөйтіп коллектив адамдары 2,4 миллион тоннадан астам халық шаруашылығының қажетті жүктерін өткен жылдың бірінші тоқсанындағыдан артық тасымалдады. Мұндай жетістіктерге жетуде машинистер Слюнько, Пилтеев және Ахмадеев жолдастар өндірістік тамаша табыстарға жетті.

Жол торабының озат өндірісшілері тасымал тасқынының орасан зор өсуіне байланысты, өздерінің жұмыстарын өндірістің жаңа міндеттеріне сай жүргізіп, бұдан былайғы күндерде де жаңа табыстарға жете беру үшін социалистік жарысты мейлінше шабытты жүргізуде.

Р. ЕСЛЯМОВ.

## АУЫЛ-СЕЛОҒА КӨМЕКТІ КҮШЕЙТЕМІЗ

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету программасын жүзеге асыруда темір жол транспорты қызметкерлеріне зор міндеттер жүктеледі. Олар ауыл шаруашылығына арналған барлық жүктердің мезгілінде тасылуды қамтамасыз ете отырып, колхоздардың, МТС, совхоздардың егіннен мол өнім алуына, мал шаруашылығын онан әрі өркендетуіне практикалық көмек көрсетуге тиіс.

Бұл абройлы міндетті орындауға Петропавл темір жол торабының теміржолшылары да қызу атсалысуда. Темір жол торабының кәсіпорындары ауыл шаруашылығына арналған өнімдерді шығаруды барған сайын ұлғайтып, ауыл-селоға материалдық және техникалық көмекті күшейтуде. Ауыл шаруашылығына арналған мемлекеттік заказдарды орындауда, әсіресе вагон депосының коллективі қажырлы еңбек етіп келеді. Вагон жөндеу депосының коллективі ақауларды болдырмау, өндірістік шығындарды азайту, шикізат және электр қуатын үнемдеу есебінен жоспардан тыс қор жыйнап, облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері үшін 166 дала вагоншасын жасап берді. Өздері қамқорлыққа алған Ново-Георгиевка МТС мен Молотов атындағы колхозға оңдараң веялға және басқа ауыл шаруашылық жабдықтарын тарту етті.

Полудень МТС-ін қамқорлыққа алған

рына ешқандай материалдық-техникалық көмек көрсетпеді. Завод МТС-тің ауыл шаруашылық машиналарын жөндеу жұмыстарына өз мамандарын жіберу арқылы көп көмек көрсете алады. Өткен жыл осылай істелген де еді. Ал үстіміздегі жылы заводтың екі тоқарі аз күнге-ғана барып қайтқан. Оның үстіне МТС мастерскойында жөндеу қыйынағаттың шей-бір бөлшектерді заводта жөндеуге көмектесу, ал жетіспеген бөлшектерді дайындау беру ісі де ұйымдастырылмады.

Завод басшылары МТС пен колхоздарға қамқорлық жасаудағы мұндай кемшіліктерді шикізаттың жетіспеуімен, заводтың жұмыс жоспарының орындалмай жатқандығымен түсіндірмек болады. Шындығында, заводта шикізат үнемдеу, еңбек өнімділігін арттыру есебінен қосымша қор жыйнау арқылы МТС, колхоз-

лық тек материалдық көмекпен ғана шектелмейді. Завод партия, шәсіподақ және комсомол ұйымдары мәдениет және үгіт бригадаларын құрып, МТС пен колхоздардағы саяси-бұқаралық және мәдени жұмыстарды жақсартуға көмектесуге тиіс. Амаз не, мұнда бұл мәселе де ескерусіз қалып отыр. Завод көркемөнерпаздарының жергілікті орындарға барып концерттер беруі, сауық кештерін ұйымдастыруы сыяқты шаралар белгіленбеген.

МТС-тер мен колхоз, совхозға қамқорлықты күшейту жауапты әрі құрметті міндет. Бұл міндетті орындауды екінші кезекке қою — шарғын двигательдер заводы басшыларының жұмысындағы төгісіз кемшілік. Оны дереу жоятын мезгіл жетті.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

### Жоспар асыра орындалды

Мамлют ауданындағы «Красный кирпич» кәсіпшілік артельнің коллективі аудан еңбекшілерін тұрмыстық жағынан қамту ісін күн сайын жақсарту түсуге. Артель адамдары, әсіресе, еңбекшілердің заказдарын орындау, оларға жаңа киімдер тігуде еңбек өнімділігін өдеуі артырып отыр. Сөйтіп, апрель айында

міндеттенген өндірістік жоспарды мерзімінен өдеуі бұрын орындады. 90 мың сомның жоғары сапалы өнімін шығарып, сауда орындарына өткізді.

Артельде тігін цехының мастерлері Хворых, Фирсова, Корякина және Яковлева жолдастар озаттық көрсетті.

А. МАНУЙЛОВ.

процентке жеткізді.

Алайда, завод шығаратын өнім халқымыздың өсіп отырған тұтыну талаптарын қанағаттандыра алмайды. Заводта техника жабдықтары ескірген. Сондықтан да коллектив өндіріс алаңын кеңейтуді, жаңа техника күшін орнатуды көздеп, өткен жылы құрылыс жұмыстарын бастады. Бұл құрылыстың негізгі жұмыстарын «Энергопродмонтаждың» Новосибирск тресінің құрылыс-монтаждау бригадасы жүргізуде. Бригада адамдары қыстың суық күндерінің өзінде де жұмысты тоқтатпастан бірқалыпты жүргізді. Сөйтіп олар құрылыс-монтаждау жұмысының бірінші тоқсанға белгіленген өндірістік тапсырмасын 124 процент орындап шықты. Завод коллективі жаңа құрылыс жұмысын толығымен аяқтап, пайдалануға берген күнде, шығаратын өнім екі есеге дейін арттырылатын болады.

Коллектив адамдарының қол жеткен табыстары оларды масаттандырмайды және тоқмай-жетпейді. Олар бұдан былайғы күндерде де еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім сапасын жақсарту беретін болады.

К. ОРАЗОВ,

Петропавлдың мемлекеттік сыра-сусын зауыдының директоры.

Поляк Халық Республикасының дақты астанасының тұрғын халқы шын жүректен және шын көңілмен құттықтауыма рұқсат етіңіздер.

Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық мемлекеттердің кеңесіне қатысу үшін осында Совет Одағының Делегациясы ретінде белген біздерге сіздің еліңіздің, сондай-ақ Чехословакияның, Герман Демократиялық Республикасының, Венгрияның, Румынияның, Болгарияның және Албанияның өкілдерімен бірлесіп, біздің елдеріміздің хауіпсіздігін онан әрі нығайтуды мақсат ететін зор және маңызды жұмыс істеуге тура келеді.

Халықтардың халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы күресі белгілі жеңістерге жеткізілуіне қарамастан, дегенмен де дүние жүзінің кейбір аудандарындағы жағдай соңғы кезде елеулі тынышсызданушылық туғызып отыр.

Европаның бейбітшілік мемлекеттері мұндай жағдайға немқұрайды қарап отыра алмайды. Туып отырған жағдайларда біздің мемлекеттеріміздің бірлесіп қыймыл жасауы және олардың өздерінің қорғанышпаздық қабілетін нығайту үшін жаңа шаралар қолдануы талап етіледі. Совет Үкметі алдағы кеңесте бұл міндеттер шешілетін болады, ал кеңеске қатысушы мемлекеттердің жұмысы халықтардың жалпыға бірдей бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайту ісіне қосылған зор үлес болады, деп сенеді.

Жылы жүзді, достық қабылдау көрсеткендеріңіз үшін сіздерге шын жүректен алғыс айтуыма және қолайлы жағдаймен пайдаланып, поляк халқының, Варшава азаматтарының социалистік қоғам орнату жөніндегі қажырлы творчестволық еңбегінде табыстарға жетуіне тілек білдіруіме рұқсат етіңіздер.

Поляк Халық Республикасы және оның астанасы Варшава жасасын!  
Халықтар арасында бейбітшілік және достық жасасын!

## Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық V конференциясы

10 майда, Москвада, Одақтар үйінің Колонналы залында, бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық V конференциясы ашылды. Конференцияға Совет Одағының барлық республикаларының, әлкелерінен және облыстарынан делегаттар келді. Мәжіліс залында көптеген шетелдік қонақтар қатысып отыр.

Конференцияны бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің председателі Н. Тихонов жолдас ашты. Президиум, секретариат және мандат комиссиясы сайланғаннан кейін, конференция мынадай күн тәртібін қабылдады:

1. Кәзіргі халықаралық жағдай және

халықтардың бейбітшілікті қорғау жолындағы күресі.

2. Хельсинкиде болатын Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясына Совет делегациясын сайлау.

3. Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетін сайлау.

Бәзіргі халықаралық жағдай және халықтардың бейбітшілікті қорғау жолындағы күресі туралы бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті Президиумының мүшесі А. Корнейчук жолдас ба-  
ндама жасады.

(СОТА).

## Жапнай жүгері егуде

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Облыста жүгері егісі жаппай өрістеді.

Талдықорған ауданының Буденный атындағы ауылшаруашылық артелиінде Г. Абуразақтың комсомол-жастар звеносы өзіне бекітіп берілген участка жүгері егуді шаршы-ұялы өдіспен жүргізіп, оны екі жарым күннің ішінде аяқтады. Еліс агрегатының бастығы, Киров МТС-інің тракторшы Владимир Савочкин бірге жұмыс істей «СН—6А» маркалы сепалымен күн сайын белгіленгендейден бір жарым есе көлемді жерге тұқым сеппі. Лебедчиктер — звено бастығы Абуразақтың және комсомол Давид Генихтің, өлшеу сымның бақылаушысы Иван Девяниннің жұмысты жақсы істеуі өдеуі дәрежеде егістің ойдағыдай жүргізілуіне көмектесті. Олар партия станцияларды бір

орынан екінші орынға жылжытуды жөнде реттеуді екі-үш минут уақытта жүзеге асырды. Звено кәзіргі кезде артельдің басқа да жүгері өсірушілеріне көмектесуде.

Жүгері егуді агротехникалық ең қаталы мерзімде аяқтау үшін облыстың колхоздары оны қолмен отырғызуды кеңінен қолдануда. Осы ауданның Крупская атындағы ауылшаруашылық артелиінде 200-дей колхозшы жүгеріні шаршы-ұялы өдіспен отырғызуда. Әрбір ұяға араластырылған жергілікті және минерал тыңайтқыштар енгізілуде. Барлық колхозшылар күнделікті норманы асыра орындауда. Олар 70 гектардан аса жүгері отырғызды.

Киров, Қаратап, Ақсу аудандарының колхоздары жаппай жүгері егуде.

С. ЛЫСОВ.

Петропавл темір жол торабы кәсіподақ комитетінің председателі.



# Егіс жұмыстары күндіз-түні бірдей жүргізілсін

## Тұқым себудегі өрескел кемшіліктер

Октябрь ауданындағы Семиполка МТС-і қамтытып колхоздарда егіс жұмыстары басталғалы едәуір уақыт өтті. Бәзір қай колхозда болсын дөңді дақылдар тұқымын себуге әзірленген егіс алаңдары көп. Бірақ, тұқым себу жұмысы шын мәнінде қолға алынбай келеді.


Сезімді дәлелдеу үшін фактілер келтірейік. Абай атындағы колхозда 5600 гектар ауылшаруашылық дақылдары егіледі. Ал осы уақытқа дейін тұқым себу жұмысы шындығында қолға алынған жоқ. Өйткені МТС және колхоз басшылары мемлекеттен несиеге берілген және айыр-бас ретінде алынатын тұқымдарды тасып алуды қамтамасыз етпеген. Өлі күнге дейін мемлекет тарапынан алынатын 5 мың центнер тұқым Марьевка астық пункті мен Мамлют элеваторында жатыр. Дөңді дақылдар тұқымның тасып жеткізілуінен осы колхозда жұмыс істейтін МТС-тің № 12 трактор бригадасындағы 9 саялка жұмысқа қосылмай тұр.

Дәл осындай жағдай «Пламя» колхозында да бар. Мұнда мемлекеттен несиеге берілген 5000 центнер тұқым астық пунктерінен тасылып жеткізілмеген. Осыған қарамастан колхоз председатели Радченко жолдас тұқым тасуға күш-көлік бөлуді ұйымдастырмай отыр. МТС-тен бөлінген тарқатарлы саялқалар тұқым себуге мүлдем пайдаланылмайды.

Топырақ өңдеу мен дөңді дақылдар тұқымын себудің агротехникасын бұрмалау фактілері де жоқ емес. Мәселен, Степан Разин атындағы колхозда 110 гектар егістік учаскек уақытылы өңделмей, топырағы мүлдем құрғап кеткен. Ал «Пламя» колхозының № 2 егіс бригадасында жаздық бидай тұқымды дәріленбестен себілген. Егіс басына дәріленбестен өкелінген тұқымды қабылдаудан және себуден бас тартқан егіс бригадасының бригадирі Кашенко жолдасы аудандық партия комитетінің Семиполка МТС аймағы жөніндегі секретары Мелентьев жолдас тұқымды қабылдауға және себуге мәжбүр еткен.

МТС қамтуындағы колхоздарда тұқым себуге қолда бар саялқалардың толық қатыстырылмауы салдарынан және жұмысқа қосылған саялқалардың мейлінше өнімсіз пайдаланылуынан бұл жөніндегі график орындалмай отыр. Мәселен, график бойынша станция қамтытып колхоздарда май айының екінші бескүндігінде 9500 гектар алаңда тұқым себілуі керек болса, бұдан орындалғаны 3000 гектар ғана.

Көктемгі егіс жұмыстары басталар алдында МТС директоры Мальченко, бас инженері Мартынов бас агрономы Само-



Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозында 1300 гектардан астам бидай себілді. Бұл жұмыста көптеген механизаторлар еңбек үлгісін көрсетуде. СУРЕТТЕ: алдыңғы қатарлы тракторшы Т. Григорьев бидай сеуіп жүр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Біздің МТС-тің механизаторлары ауылшаруашылық дақылдарын егуді 10 жұмыс күні ішінде, жоғары сапада өткізу жөнінде инициатива көтеріп, облысымыздағы барлық МТС-тер мен колхоздардың егіншілерін социалистік жарысқа шақырды. Бұл жағдай станцияның әрбір механизаторларына үлкен міндет жүктейді. Біз көктемгі егіс кезіндегі социалистік жарыстың жаршылары есебінде еңбектің тамаша үлгісін көрсетуге тиісіміз.

Бұл жауапкершілікті мен басқаратын № 16 трактор бригадасының механизаторлары жақсы сезінеді. Сондықтан да олар «Баян» колхозының колхозшыларымен тығыз ынтымақтаса отырып, егіс жұмыстарын алғашқы күннен-ақ пәрменді жүргізіп келеді.

Біздің бригаданда 6 «ДТ-54», 1 «С-80» тракторы бар. Бұлармен 1470 гектар егіс алаңын тырмалауға, 2550 гектар алаңды дискелі луцильникпен өңдеуге және 3060 гектар алаңда тұқым себуге тиісіміз. Осы жұмыстарды агротехникалық қысқа мерзімде, жоғары сапада атқаруды көздеп, біз еңбекті былайшай ұйымдастырып отырмыз: екі «ДТ-54» тракторы тырмалауда, бір «ДТ-54» және бір «С-80» тракторы топырақты луцильникпен өңдеуде, бір «ДТ-54» тракторы тырмалау және себу жұмыстарын кезек жүргізуде, екі «ДТ-54» дөңді дақылдар себуге жұмыс істейді. Еңбекті бұлай ұйымдастырғанда топырақты өңдеу мен тұқым себуінің арасында алшақтықтың болуына жол берілмейді.

Геллер жолдас сияқты озат тракторшылар өз сменасында норма бойынша 45 гектардың орнына, 50—60 гектар алаңға тұқым сеуіп, норманы едәуір асыра орындап жүр.

Біздің бригаданда сменалар таңертеңгі сағат 6-да және кешкі сағат 6-да ауыстырылып отырылады. Сменаларды ауыстыру кезінде тракторларға техникалық күтім жасауға бір сағат уақыт жұмсалды. Түскі тамақ кезінде тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Тамақ әрқашан жұмыс басына жеткізіліп беріледі. Мұның барлығы біздің егін егуді 10 жұмыс күні ішінде, атап айтқанда 17 майға дейін толық аяқтауымызға мүмкіншілік жасайды.

Дегенмен колхоздың егіс жұмыстарын тұтас алғанда елеулі кемшіліктер бар екенін жасырмауымыз керек. Алдымен егіншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыс өз дәрежесінде емес. Колхоз партия ұйымы біздің бригаданда үгітші етіп мұғалима З. Мырзагелдина жолдасы бекіткен. Ал Мырзагелдина жолдасы уақытқа дейін бригада басында бір-е-бір рет болған емес. Сол сияқты, жауынгерлік листоктар уақытылы шығарылып тұрмайды. Механизаторлар мен колхозшылардың жұмыс көрсеткіштері көрсеткіш тақталарға күнбе-күн жазылып отырмайды.

Колхоз басшылары мен агрономдар егіс жұмыстарының агротехникалық талаптарға сай жүргізілуін үнемі қадағалап отырмайды. Осының салдарынан осы

## ОБЛЫС КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫН СЕБУДІҢ БАЛЫСЫ ТУРАЛЫ 1955 ЖЫЛҒЫ 10 МАЙДАҒЫ МӘЛІМЕТ (Жоспардың орындалу проценти)

Аудандар	Себілген жаздық дақылдар
Преснов	27,1
Ленин	24,9
Соколов	19,4
Петропавл	18,5
Бонюхов	17,3
Октябрь	16,7
Булаев	15,9
Приешім	11,5
Мамлют	10,4
Полудень	10,2
Совет	7,4
<b>Совхоздар</b>	
Торангүл	30,9
Аманкелді	25,1
Петропавл	16,8
Буденный	16,6
Жданов	16,5
Жамбыл	15,3
Ешім	14,8
Мамлют	14,0
Маленков атындағы	13,4
Узынкөл	12,6
Марьевка	12,6
Возвышен	11,8
Степной	11,5
Қарағанды	11,1
Кызылсажар	10,9
Явленка	10,9
Преснов	9,9
Шағы	9,5
Заря	9,2
Украин	8,7
Приешім	7,0
Совет	5,0
Дзержинский	4,9
Интернационал	4,8
Хрущев атындағы	3,8
Чистов	3,4
Докучаев	2,8
Ленин	2,7
Булаев	2,5
Тамань дивизиясы атындағы	2,4
Тимирязев	2,3
Москворецк	1,8
Тоқшын	0,3
Кыялы	—
Октябрь	—
Молодежный	—
Ильич	—

НОРМАНЫ ҮНЕМІ АСЫРА

## БІЗДІҢ ЖОСПАР

Біздің Аманкелді атындағы колхоз (Преснов ауданы) жазғы дала жұмыстарында елеулі табыстарға жету мақсатын көздеп отырып, көрініс Калнини атындағы колхозбен социалистік жарысқа түсті. Мұның өзі колхоз коллективінің алдына зор міндеттер жүктейді. Сондықтан көктемгі дала жұмыстарына мұқият әзірленіп, үлгілі өткізу қажет. Бізде барлық ауылшаруашылық құрал-саймандар жөндеуден өткізілді. Жұмыс жоспарлары бекітіліп, бригадалар мен звеноларға тағайындалды. Сондай-ақ әрбір бригаданда, звеноға міндеттер жүктеліп, олардың маңызы түсіндірілді. Сөйтіп көктем егісін 10—12 жұмыс күні ішінде аяқтауға сақдай-сай әзірлендік.

Жазғы дала жұмыстарын ойдайдай өткізуде, еңбек майданында жаңа табыстарға жетуде үгіт-бұқаралық жұмыстың, сол сияқты механизаторлар мен бригадалар коллективін мәдени жағынан қамтудың да маңызы зор. Сондықтан да бізде барлық бригадалар мәдени-тұрмыстық жағынан толық қамтамасыз етілді. Бригадалар мен қос бастарында жауынгерлік листоктар, жарыстың барысын көрсететін тақталар ұйымдастырылды.

Социалистік жарыстың әр бескүндік қорытындысы шығарылып, ол өндірістік кеңесте талқыланып, көзделген кемшіліктің себептері ашылтып болады. Сонымен бірге озаттардың қол жеткен иі табыстары, жаңашыл бастамалары бұқа-

раға кеңінен насихатталады. Еңбектегі жетістіктер мен кемшіліктер тек өндірістік кеңесте ғана емес, сонымен бірге 6 трактор бригадасында шығарылатын жауынгерлік листоктарда жарияланатын болады.

Колхоз басқармасы және бастауыш партия ұйымы социалистік жарыста жеңіп шыққан бригадала Дуыспалы Кызыл Ту тақырып отырды ұйымдастырды. Оның үстіне партия ұйымы жазғы дала жұмыстарында істейтіндерге құрамында 15 адам бар үгітшілер тобын бөліп, олардың жұмыс жоспарларын бекітті. Көзірдің өзінде үгітшілер тобы «Үстіміздегі жылғы дала жұмыстарының маңызы», «Жүгері өсірудегі біздің міндетіміз», «Ауыр индустрия ауыл шаруашылығына не берді» тағы басқа көптеген тақырыптарда лекция оқыды.

Механизаторлар мен егіншілердің жұмыстан бос уақыттарын көңілді өткізудері үшін оқу үшін, сол сияқты бригада қостарын әдеби кітаптармен, шахмат, дөй-былармен және газет, журналдармен қамтамасыз еттік. Көктемгі егіс кезінде және жазғы дала жұмыстарында колхоз орталығындағы жетіжылдық мектептің оқушылар коллективі мен оқушылары концерттер қойып беретін болады. Бұл жұмыстардың барлығы жоспарланып, партия жыйналысында бекітілді.

А. БІБРАЙЫМОВ.  
Оқу үйінің меңгерушісі.

## Тіленке сай жүргізілмей отыр

Ленин ауданы колхоздары мен совхоздарының далаларында тұқым себу, жер жырты, фермаларда тел алу жұмыстары қызу қарқынмен жүріп жатыр. Осындай жұмыс салаларында еңбек етіп жүрген колхозшылар мен жұмысшылардың мәдени тілектерін барлық жағынан қанағаттандырып отыру — аудандық мәдениет бөлімі мен жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту орындарының негізгі міндеті.

Дегенмен, Ленин ауданындағы Арал ауыл Советінің жаңындағы оқу үйінің жұмысы бүгінгі тіленке сай болмай отыр. Ең алдымен оқу үйі мәдени-ағарту жұмысын жүргізуге қажетті жабықтармен қамтамасыз етілмеген. Оқу үйінің меңгерушісі Ерзеболатова жолдас өз міндетін аброймен орындау ісін мүлде естен шығарған. Оған соңғы 4 айдың ішінде мұнда бірде-бір рет кітап оқушылардың конференциясы өткізілмегендігі дәлел. Кітап алып оқыйтын колхозшылар санаулы ғана. Өткен 1954 жылы оқу үйінен небә-

ры 32 адам кітап алып оқыған болса, олардың 18-і мектеп оқушылары еді. Ал, үстіміздегі жылдың басынан май айына дейін оқу үйінен 9 адам кітап оқыған, оның жетеуі оқушы.

Колхозшылардың әдеби кітаптар, газет, журналдарды оқу ісіне бұлай аз қатысу себебі неде? Бұл кемшілік тікелей Ерзеболатова жолдасының кінәсінен болып отыр. Өйткені колхозшылар Ерзеболатова жолдасы оқу үйінен таба алмай, үнемі үйінен іздеп жүреді. Сол сияқты Ерзеболатова жолдас фермаларда, бригадаларда сирек болады. Егіншілер мен малышлар арасында ешқандай мәдени-ағарту жұмысын жүргізбейді. Оқу үйінің жұмыс жоспары жоқ, бригадаларда, фермаларда мәдени ошақтары ұйымдастырылмаған.

Ленин аудандық мәдениет бөлімі мен Арал ауылдық Советі бұл оқу үйінің жұмысын тез арада жаңдандыруы керек.

Қ. ШҰҒҰЛШИН,  
(Өз тілшіміз).

Емтиханға әзірлік кезінде



вазов жолдастар: «өздің МТС-те бйылы төрт жылжымалы мастерской үздіксіз жұмыс істейтін болады. Мұның өзі барлық трактор бригадаларында бірде-бір машинаның тоқтамауын қамтамасыз етуімізге жағдай жасайды» деп дауырыққан еді. Егіс жұмыстары басталғаннан бері осы жылжымалы мастерскойлардың бірде-бірі трактор бригадаларында болған емес.

Бізр көктемді егістің жауапты кезеңі туды. Барлық жерлерде жұмыс күні-күні бірдей өселеген қарқынмен жүргізілуі керек. Сондықтан Семиполка МТС-нің және МТС қамтуындағы колхоздардың басшылары егіске басшылық етуді жақсартып, техниканы неғұрлым тиімді пайдалануды, агротехникалық ережелерді мұқият жүзеге асыруды ойдағыдай ұйымдастыруға міндетті.

**Т. КӘДІРОВ.**  
(Арнаулы тілшіміз).

Бригададағы барлық тракторлар жұмысқа екі сменада пайдаланылады. Тракторшылар жұмыстың қай саласында болсын тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындап келеді. Тракторшы О. Бошанов, Ю. Сенников жолдастар егістікті тырмалауда және лущильникпен өңдеуде сменалық тапсырмаларын үнемі 110—115 процент орындап жүр. Сол сыяқты, озат тракторшылар Кравченко, Нищенко жолдастардың әрқайсысы пармен зябті тырмалауда смена сайын біржарым-екі норма орындайды.

Біз дәнді дақылдар тұқымын себуді 7 майда бастадық. Алғашқы екіжарым жұмыс күні ішінде екі «ДТ-54» тракторымен 700 гектарға жуық алаңға жаздық бидай тұқымы себілді. Тұқым себу күні-күні бірдей жүргізіліп келеді. Тұқым себуге жүрген тракторшылар сменалық тапсырмаларын толық орындауда. Ал В.

колхоздағы Архипов жолдас басқаратын трактор бригадасында 23 гектар алаңға себілген тұқым тібесті тереңдікке сіңірілмей, топырақтың бетінде қалған. Ал Геллер жолдас басқаратын трактор бригадасында себуге өзін етілген жер көп. Бірақ, тұқым себу жұмысы әлі қолға алынған жоқ. Өйткені, бұл бригадалар берілген төрт сеялқаның бірде-бірі сапалы жөн делмеген. Олар пайдалануға жарамай тұр.

Көктемгі егіс жұмыстарын агротехникалық жоғары сапада және қысқа мерзімде аяқтау бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жоюды талап етеді. Олай болса, МТС және колхоз басшылары мұны мықтап ескерулері керек. Олар әрбір трактордың қуатын сарқа пайдалануды күнбе-күн ұйымдастырулары қажет.

**А. АСАДУЛАЕВ,**  
Преснов ауданы, Баян МТС-нің № 16 трактор бригадасының бригадирі.

Молотов атындағы колхоздың (Соколов ауданы) егіс даласында жұмыс істейтін Соколов МТС-нің № 2 трактор бригадасының механизаторлары социалистік жарысты күн сайын өрістетіп, еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Жарыста коммунист тракторшы Иван Лавров жолдас үздік ала келеді. Ол «ДТ—54» тракторымен жер жырттып жүр. Норма бойынша бір сменада 6,6 гектар жер жырту керек болса, Лавров жолдас бұл норманы 8,6 гектар етіп асыра орындайды.

Тұқым себуге тракторшы Коновалов жолдас та жоғары көрсеткіштерге ие болып жүр. Ол сменалық тапсырмасын толық және асыра орындаумен бірге, әрбір гектарға тұқымның белгіленген мөлшерде және агротехникалық талаптарға сай тереңдікке сіңірілуін қадағалап отырады.

**Ғ. ДАНИЯРОВ.**

Приешім ауданының Бостандық жеті-жылдық мектебінің мұғалімдер коллективі оқу-тәрбие жұмысының бүгінгі талаптарға сай болуы жолындағы өз міндеттерін үнемі абыроймен орындап келеді. Олардың сабақтарының идеялық дәрежесі артып, оқушыларға талап қоюы, олардың саналы тәрбие, терең білім алуына қамқорлық жасау ісін ұйымдастыруы ойдағыдай жүргізіліп отыр. Мектепте көзір барлық мұғалімдер оқу программасын аяқтап, өткен материалдарды қайталау жұмысын тыңғыллықты жүргізуде. Олар өз пәндерімен болатын ауыспаша емтихан-дардың сұрақ билеттерін дайындап бітірді.

Мектепте барлығы 96 оқушы оқыйды. Әрбір пән мұғалімдері бұл оқушылардың жазғы емтиханды жақсы тапсыруына көмек көрсетіп, олардың ата-аналарымен оқушылардың емтиханға дайындық же-

зіңдегі істейтін жұмыстары туралы өңгімелер өткізіп, оқушылар үшін консултациялар ұйымдастырады.

Біздің мектептің жанында бұрын тәжірибе участогі болмай келді. Бұл жағдай мектепте политехникалық оқудың дұрыс ұйымдастырылуына едәуір кәмілдік келтірді. Быйылғы жылы мектеп коллективі тәжірибе участогін жасайды. Көзірдің өзінде тәжірибе участогіне арналған жер дайындалып, онда егілетін өсімдіктердің тұқымдары өзірленді.

Емтиханға санаулы-ақ күн қалды. Енді біраз күннен кейін біздің оқу жылы бойындағы еңбегіміздің қорытындысы шығады. Бұл істі мектептің педагогикалық коллективі ойдағыдай етіп өткізеді.

**Ш. ХАМЗИН,**

Бостандық жетіжылдық мектебінің директоры, Приешім ауданы.

## Картопты шаршы-ұялап отырғызатын машиналарды өнімді пайдаланайық

Картопты шаршы-ұялап отырғызатын «СКГ—4» машинасын біздің облыстың колхоздары картоп егуге 1954 жылдың көктемінде тұңғыш рет қолданды. Механизаторлар мен колхозшылар бұл жаңа машинаны алғашқы жылдың өзінде-ақ жақсы меңгеріп, өндіріске өнімді пайдаланды. Әр машинамен бір маусымда 131,5 гектар картоп отырғызылды. Оған есеппен алғанда, әрбір машинаның сменалық жұмыс өнімділігі 6,26 гектар, немесе нормадағыдан 0,46 гектар артық болды, ал жекеден машинашылар бұдан әлдеқайда жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Үстіміздегі жылы «СКГ—4» машиналары былтырғыдан бес еседен аса көбейеді. Сондықтан бірқатар колхоздар бұл машинаны картоп отырғызуға бірінші рет қолданатын болады. Сондай-ақ көптеген машинашылар «СКГ—4» машинасында алғаш рет жұмыс істейді. Олардың машинаның қуатын өнімді пайдалануы үшін өткен жылы жоғары өндірістік көрсеткіштерге жетіскен озат машинашылардың өден тексерілген жұмыс әдістерінің маңызы ерекше бағалы. Ал облысымызда «СКГ—4» картоп отырғызғышын шебер меңгерген машинашылар аз емес.

Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхозда істеген «СКГ—4» картоп отырғызғышының машинашысы Иван Кель жолдас өткен жылы ең жоғары көрсеткішке ие болды. Ол 20 жұмыс күні ішінде 170 гектар алаңға картоп отырғызды. Бұл—біржарым норма. Ал жекеден күндері оның жұмыс көрсеткіші 14,2 гектарға дейін жетті.

Дәл осындай жоғары көрсеткішке же-

тіскен машинашының бірі—Михаил Ким жолдас. Ол Петропавл ауданының Димитров атындағы және «Луч Ленин» колхоздарында 22 жұмыс күні ішінде 129 гектар жерге картоп отырғызды. Бір күн ішінде 13,1 гектар картоп отырғызған кезі де болды.

Озат машинашылардың тәжірибесі істің өнімді болуы агрегат коллективінің істегі бірлігіне, әр адамның өз міндетін қаншалықты жақсы меңгергеніне байланысты екенін көрсетті.

Тәжірибелі машинашылар егіске шығуға бірнеше күн қалғанда өз агрегатының адамдарын жыйнап алып, олармен бірге машинаны тағы да бір рет бөлшектеп, әрбір бөлшектің атқаратын қызметін үйренеді. Одан кейін әркімнің тұқым отырғызу кезінде, техникалық күтім кезінде не істейтіндігі түсіндіріледі. Бұл—әрбір агрегат мүшесі өз міндетін жетік түсінгенше жүргізіле берілетін жаттығу.

Жұмыстың өнімді болуына машинашының тұқым отырғызатын алаңмен жақсы танысуы да аса зор роль атқарады. Сондықтан озат машинашылар жұмыс басталар алдында колхоздың овоц-өсірушілер бригадаларының бригадирімен, агрономмен бірге тұқым отырғызатын алаңды міндетті түрде аралап шығады. Агрегат жүретін бағытты, машинаға тұқым, тыңайтқыш тиетін жерлерді белгілейді.

Картоптың сапалы отырғызылуы үшін егістіктің дұрыс белгіленуі қажет. Озат машинашылар, әсіресе агрегаттың бірінші рет жүріп өткен ізінің мейлінше түзу болуына, бақылау линияларының оған тік келіп жалғасуына ерекше назар салады. Практика бақылау линиясының ба-

ғытын дұрыс белгілеу көлденеңгі қатарда 8 ұядан кейінгі ұяның қыйғаш түсіп отыратындығын, сөйтіп егістікті кесе-көлденеңнен культивациялауға мүмкіндік бермейтіндігін көрсетті.

Машинаны тиімді пайдалану үшін, картоптың сапалы отырғызылуын қамтамасыз ету үшін оны үнемі техникалық жағынан баптап ұстау керек. Жекелеген жүйелерді дұрыс реттеп отырған жөн. Сондықтан озат машинашылар техникалық күтімге ерекше көңіл бөледі. Әдетте, бұл таңертеңгі жұмысқа дейін жүргізіледі.

Техникалық күтімнің барлық операциялары әркімге бөлініп белгіленеді. Агрегаттың әрбір мүшесі техникалық күтім кезінде не істейтінін жақсы біледі: реттеушілер—әлшеуіш сымды тексеріп, лебедка мен түйінқажқышты тазалайды және майлайды. Тұқым себушілер машинаны тазартады, майлайды және босаған тетіктерін бекітеді. Машинашылар бұлардың жұмысын бақылап автомат, түйінқажқыш сыяқты ерекше жауапты жүйелерді тексеріп, қажетті реттеулер жасайды.

Бұл айтылғандардың бәрі—озат машинашылардың істі ұйымдастыруынан келтірілген мысалдар ғана. Жас машинашылар үшін осылармен қатар картоп отырғызып машинада жиі кездесетін ақаулар және оларды қалай жөндеу туралы мәліметтерді жете білудің пайдалы ерекше зор.

Картоп отырғызуда ұяның әлшеуіш сымның тіренішінен ілгері орналасуы жиі кездеседі. Керісінше, ұяның тіреніш тұсынан кейін орналасуы да мүмкін.

Мұндай жағдайда ұяның қандай мөлшерде ілгері-кейін орналасуына қарай түйінқажқышты не ілгерілету, не шегімдіру қажет.

Практикада барлық ұялардың емес, жеке бір немесе екі ұяның ғана ауысып түсуі де кездеседі. Бұл лопастың орнынан тайып кеткендігін көрсететін жағдай. Сондықтан мұндай жағдайда барлық төрт шүмектегі ротор лопастарын да бірдей етіп реттеу керек. Сонда лопастардың төмендегі кетіктері шүмектің жоғары ұшына дәл келіп тұрады. Бұл көлденеңді қатараралықтардың түзу орналасуын қамтамасыз етеді.

Машина екінші рет айналып шыққанда соңғы сегіз ұяның алдыңғы сегіз ұядан не кейін, не ілгері орналасатын кезі де болады. Бұл бақылау линиясының дұрыс бағытта еместігін, немесе тракторды түзу жүргізе алмағандығын көрсетеді. Бақылау линиясы дұрыс белгіленбеген болса, онда оны агрегат жүріп өткен соңғы линияға тікбұрышты етіп қайта орналастыру керек. Ал егістің ұзын бойына тартылған линиялар қыйсайып кетсе, оны трактордың екінші айналғанында түзеп кетуге болады.

Машинашы Михаил Ким және тракторшы Николай Прытков жолдастар тракторды оқтай түзу жүргізу үшін оған жабайы қарауыл жасаған. Ол үшін «ДТ—54» тракторындағы алдыңғы өйнектің рамкасынан тік саңылау жасап, радиатор тығынының дәл ортасына 6 миллиметрлік сымнан ұзындығы 150 миллиметр тік қада орнатқан. Осыдан кейін тракторшы агрегатты үш ориентирді бірлестіре, саңылау, қада және бірінші рет жүруге орнатылған қарақшылар линиясын, немесе маркер ізін бірлестіре жүргізетін болған. Бұл агрегаттың қатараралықтарды мейлінше түзу шығаруын қамтамасыз етті.

Жас машинашыларға қиындық ту-

дыратын жағдайлардың бірі—машинаның картопты шала орналастыруы, немесе ұяларды бос тастап кетуі. Мұндай жағдайда алдымен автоматты қадағалы түрде тексеріп шығып, реттеу керек.

Кей кездерде ұяға бір-ақ картоп түсетіндігі, тіпті ұяның бос қалатын жағдайы болады. Ол кейбір басқыш пружиналардың қажалғандығын немесе дән түсіретін қасықшаға картоптың дұрыс түспейтіндігін аңғартады. Мұндай жағдайды болмауы үшін тұқым себушілер сеялқандағы картоптың қалыңдығы 15 сантиметрден кем болмауын қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен қатар барлық қасықшалардың пружиналарын тексеріп шығу қажет. Қасықша мен қабырғаның арасындағы саңылау картоптың ірілігіне қарай қойылады. Егер тұқымдық картоп ұсақ болса, саңылау аз қалдырылады, керісінше, картоп ірі болса, саңылау мол қалдырылады. Бірақ үлкен-кішілігіне қарай іріктелмеген картоп тұқыммен ойдағыдай жұмыс істеу мүмкін емес.

Дәл осындай, «СКГ—4» машинасымен топырақ аралап, сабан аралап картопты себуге қатаң тыйым салынуға тиіс. Өйткені мұндай жағдайда қорықпаша шөптер тығындалып қалады да, картоптың бір-екелі түсуіне мүмкіндік болмайды.

Картоп отырғызып машинаны мейлінше тиімді пайдалануда картоп мен тыңайтқыш тиеуге, бақылау сымдарын ауыстыруға кететін уақыттарды үнемдеудің маңызы ерекше зор.

Мысалы, Иван Кель жолдас басқаратын агрегатта машинаға тұқым тиеу жұмысы бйылай ұйымдастырылған. Агрегат айналып, алаң басына келген кезде, тұқым тиеуші колхозшылар сеялқаны толтырады. Тұқым тиеу негізінен қаппел жүргізіледі. Әрбір қаптағы тұқым 25-30 килограмм. Бұл бір кісінің жеңіл көтеріп

машина бункеріне салуына өте қолайлы. Машинаға тұқым және тыңайтқыштарды тиеуге машинаны, екі тұқым себуші және тұқым тиеуші қатысады. Егер айналым мөлшері ұзақ болса, онда машинашылар жолшыбай тиеуге сеялқаға тұқым салынған қап тиіп өсетеді.

Жұмысты осылайша ұйымдастыру арқылы бұл бригаданың мүшелері машинаға тұқым және тыңайтқыш тиеуге, өлшеуін сымдарды ауыстыруға кететін уақытты 8 минуттан екі-өкіжарым минутқа түсірді.

Картоп тек қана тамақтық дақыл емес. Сонымен бірге ол аса бағалы малазығындық дақыл. Облысымызда үстіміздегі жылы бұл дақылдың көлемі өкі еседей арттырылады. Картоп дақылдың жоғары өнім алу ең алдымен оны отырғызуды жоғары агротехникалық дәрежеде өткізуге тікелей байланысты. Қатараралықтар дұрыс орналастырылмаған болса, мұндай егістікті механика күшімен өңдеу де қыйындайды.

Картоп отырғызуды ең қысқа мерзімде өткізудің маңызы ерекше зор. Басқашы айтқанда, ерте отырғызылған картоптың өнімі де мол. Міне сондықтан да «СКГ—4» картоп отырғызғышы машинашыларының алдында техниканы мейлінше тиімді пайдалану міндеті тұр. Өйткені, картоптан жоғары өнім алу картоп отырғызғыштардың өнімді пайдалануына тікелей байланысты.

«СКГ—4» картоп отырғызғышын іске тиімді пайдалану үшін жас машинашылар облысымыздағы тәжірибелі машинашылардың жұмыс әдістерін меңгеру жолында аяқбай еңбектенуге тиіс.

**М. ГАРДБЕРГ.**

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ауыл шаруашылық-насихат басқармасының бас инженері.



КИНО

Ұлы оқымысты туралы фильм



«Михайло Ломоносов» фильмінен кадр.

«Москва университеті өзінің бүкіл тарихының өн бойында ғылыми және педагогикалық кадрлар даярлауда, отандық және дүниежүзілік ғылымды дамытуда маңызды роль атқарып келеді» деп атап көрсетті СОКП Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советі университеттің құрылғанына 200 жыл толуына байланысты құттықтауында. Орыстың ең қарт, ең ірі жоғары оқу орны, дүние жүзі ғылымының ең үлкен орталығы Мәскеудің көк орденді университетінің даңқты мерекесін совет ғылымы мен мәдениетінің зор салтанатты мерекесі ретінде атап өткен совет халқы бұл күндері осы ғылым ордасының негізін алғаш қалаған орыс ғалымдарының атасы, ұлы оқымысты Михаил Васильевич Ломоносовты асқан зор құрметпен, аса күшті алғыс сезіммен еске алып, құрметтейді.

Бәзір облыстың киноэкрандарында көрсетіліп жатқан «Михайло Ломоносов» атты көркемсуретті фильм де бұдан екі ғасыр бұрын дүниежүзілік ғылым шыңына көтерілген ұлы ғалымға арналған. Фильм сценарийін жазған Л. Рахманов, қоюшы Александр Иванов, операторлары М. Магид пен Л. Сокольский, музыкасы композитор В. Пушковтікі. Фильм 1955 жылы Ленин орденді «Ленфильм» киностудиясында жасалған.

«Ломоносов ғылымның барлық саласына құлаш ұрды... Тарихшы, шешен, механик, химик, минеролог, суретші және ақын болған ол бұлардың бәрінде өз күшін сынап көрді және бәрін де сырын жете білген. Ломоносов туралы

шебер артист өнерінің көрсетеді. Петербург ғылым академиясында ұя басып орнығып алған жалған оқымыстыларды әшкерелеуде Ливанов ұлы оқымыстының көсек патриоттық тұлғасын жасаған. Шумахер және Тауберг бастаған жалған оқымыстыларға қарсы алусыз күрес жүргізу арқылы Ломоносов-Ливанов орыс ғылымы мен мәдениетінің абройын арыздардан қорғайды.

Ломоносовтың ғылыми-теориялық қызметі үнемі практикалық іспен ұштасып отырады. Міне, ол заттың сақталу заңын ашумен қатар отандық өндіріс үшін рудалардың үлгілерін зерттейді. Оның орыс мәдениеті алдында сіңірген аса зор еңбегі—Россияның болашақ оқымыстыларын тәрбиелеп шығарған университетті ашуы еді. Осы университетті ашу жолындағы оның сарай және академия төңірегіндегі топастармен жүргізілген күресі фильмде басты композициялық конфликтердің бірі. Император әйел Елизаветаның сүйіктісі Граф Шувалов (артист В. Сошальский) және оның жақтастары университетке тек ақсүйек дворяндардың балалары оқысын деп таласқанда Ломоносов бұған бақтыл наразылық білдіреді. Өйткені ол нағыз талант халық ортасында өкенигін білуші еді. Сондықтан да ол университет есіні Россияның барлық адамдарына ашық болсын деген ұран көтереді.

Фильмде топастар қоршаған сарай төңірегіндегі зұлмдықтар мен арыздықтар әшкерелеушілік дәрежеде көрсетілген. Әресе, екі жүзді Шуваловтың өрекеті ғылымды жұмысқа бағыттайтын Шувалов

ГАРРИ ПОЛЛИТТИҢ ХЕЙСТЕ СӨЗ СӨЙЛЕУІ

ЛОНДОН, 10 май. (СОТА). Газеттердің хабарлауына қарағанда Великобритания Коммунистік партиясының бас секретары Гарри Поллит 9 майда Хейстегі (Мидлсекс графтығы) митингте сөз сөйлеп, былай деген: Англия өзінің саясаты арқылы ағылшын-совет договорын жоққа шығарды, сондықтан Совет Одағына бұл договордың күшін жоюдан басқа мүмкіншілік қалған жоқ.

Ол былай деді: «Ағылшын-совет договорына Гитлерге және герман милитаризміне қарсы жалпы қантөгіс күрес кезінде қол қойылған болатын. Бұл біздің көптеген жылдарға ең сенімді қалқанымыз және ең адал қорғағысымыз еді». Оңшыл лейборист лидерлерінің қолдауымен консервативтік үкмет бұл договор бойынша өзіне алған міндеттемесін бұзды. Нацистерді қаруландыра және Аденауэрді антисоветтік агрессиялық Солтүстік Атлантикалық ұйымға тартып, ағылшын үкметі, істі шын мәнінде ағылшын-совет договорының күшін жоюына әкеліп соқтырды.

Поллит одан әрі былай деді: «Бейбітшілік мұндай соғыс саясатын тоқтатуды талап етеді. Коммунистік партия Германияны қаруландыруды тоқтату үшін, ағылшын-совет договоры қайтадан күшіне енегіндей жағдайды қалпына келтіру жолындағы төрт державаның шын мәніндегі келіссөздерін жүргізу үшін күреседі».

ДАНИЯДА ЖАСАЛЫҢҒАН КЕМЕНІ СОВЕТ ОДАҒЫНА БЕРУ

КОПЕНГАГЕН, 10 май. (СОТА). «Бурмейстер Ог Вайн» верфинде Совет Одағына арналған «Рефрижератор № 9» кемесін жасау аяқталды. Кеме верфте жалау көтеру және бұл кемені совет өкіліне берудің салтанаты болды. Салтанатқа ССРО-ның Даниядағы кіші елшісі Н. Г. Сысоев, сауда председателі И. С. Степанов, миссиялар мен сауда өкілдерінің қызметкерлері, сонымен бірге кеме жасауға қатысқан жұмысшылар мен фирмалар дирекцияларының өкілдері қатысты.

БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫҢ ҚАРУЛАНДЫРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ НОРВЕГИЯДАҒЫ ПІКІРЛЕР

ОСЛО, 10 май. (СОТА). «Дагбладет» газеті Батыс Германияның Солтүстік-атлантикалық одаққа кіруіне арналған «Масаттану болжасын» деген басмақаласында былай деп жазады: «Германияны қайта қаруландыруда ешқандай салтанат тұрған жоқ. «Ура» деп айқайлауға да негіз жоқ... қайғылы және хауіпке толы аспект дамуда бір ғана нәрсе күмәнсіз—біздің жүрегімізде масаттанушылық жоқ. Біздің қазіргі көңіліміз мерекедегідей көтеріңкі сезілмейді, ал мұны жасыру дұрыс болмаған болар еді».

ЖАПОНИЯДА АМЕРИКАН СОҒЫС БАЗАЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС

Болгар Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі В. Червенковтың ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганинге телеграммасы

СОФИЯ, (СОТА). 6 майда Болгар Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Выхо Червенков ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің атына мынадай телеграмма жіберді:

Совет үкметінің атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану саласындағы ғылыми-эксперименталдық жұмыстарды дамытуда Совет Одағы көмек көрсетіп, жәрдемдесетін елдердің қатарына Болгар Халық Республикасын енгізу және тиісті келісім жасау туралы келіссөздерді ең таяу уақытта бастау жөніндегі қарарын болгар халқы мен Болгар Халық Республикасының үкметі қуанышпен қарсы алды.

Совет Одағы үкметінің бұл қарарының елімізді өркендету үшін орасан зор маңызы бар. Ол советтік бейбітшіл саясаттың және Совет Одағының біздің республикаға социализм құрылысында көрсетіп отырған адал ниетті көмегінің жаңа айқын белгісі болып табылады.

Болгар халқы оған осы уақытқа дейін көрсетілген туысқандық жомарт көмектің арқасында еркін өмір сүрген он жылға елдің экономикалық және мәдени өркендеуі саласында біздің жағдайларымыз үшін ірі жетістіктерге ие болды. Империалистік мемлекеттердің жемтігі болған

артта қалған аграрлық елден ол индустриялы-егіншілік республикасына айналды, сөйтіп барған сайын индустриялануда.

Совет үкметінің атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануда бізге көмек көрсету жөніндегі қарары еліміздің шаруашылығын өркендетуді, біздің ғылыммыз бен техникамызды, еңбекші халқымыздың әл-ауқатын арттыруды жаңадал мықтап алға бастырады.

Болгар Халық Республикасының үкметі болгар халқының атынан Совет Одағының халықтары мен үкметіне зор алғыс айтып, шын жүректен риза екенін білдіреді. Туысқан адал ниетті көмектің осы жаңа белгісімен жігерленген болгар халқы еліміздегі жаңа, социалистік қоғам құрылысын бұрынғыдан да зор жігермен және батылдықпен оған әрі жүргізеді, халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақты сақтау және нығайту үшін өзінің барлық күшін салып күреседі, отанымыздың тәуелсіздігі мен гүлденуінің нағыз сенімді кепілі—Совет Одағының халықтарымен достығын барған сайын нығайта береді.

Болгар Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Выхо ЧЕРВЕНКОВ.

Азат етілудің он жылдығы құрметіне Прагадағы салтанат

ПРАГА, 10 май. (СОТА). Кеше, чехословак халқының ұлттық мейрамы—Чехословакияның фашистік оккупациядан азат етілуінің он жылдығы күні онындаған еңбекшілер таңертеннен бастап әскери парадтар өткізілетін Летнен даласы ауданына жыйнала бастады. Үкмет трибунасының үстінде—Чехословакия мен Совет Одағының мемлекеттік тулары.

Чехословак партиясы мен үкметі басшыларының, ССРО Үкмет Делегациясының, халықтық-демократиялық елдердің үкмет делегацияларының трибунаға шығуы ду қолшанапақталып қарсы алынды.

Ұлттық мейрамға байланысты республика президенті Антонин Запотоцкий әскерлерге және барлық еңбекшілерге құттықтау сөз арнады. Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, үкметінің және Ұлттық майдан Орталық Комитетінің атынан ол совет халқына және оның азаттық әперуші даңқты армиясына рахмет айтты, бұл армия-

ға чехословак халқы еркін, тәуелсіз және гүлденген Отанын құруға мүмкіндік алғандығы үшін міндетті.

Сонымен бірге парадты қабылдаушы ұлттық қорғаныс министрі армия генералы Алексей Чепичка әскерлерге арнап сөз сөйледі.

Чехословакия мен Совет Одағының Мемлекеттік гимндерінің дауысы шықты, оған артиллерия салюті қосылды. Фаунарлар әскери парадтың басталғандығы туралы хабарлады. Парадты әскери академиялар мен училищелердің тыңдаушылары ашты. Үкмет трибунасының алдынан әскерлердің барлық түрлерінің өкілдері өтті, олар чехословак армиясы жауынгерлерінің жоғары әскери әзірлігін көрсетті.

Парад аяқталғаннан кейін Прага еңбекшілерінің мерекелік демонстрациясы басталды.

Демонстрация екі жарым сағатқа созылды. Оған 300 мыңға жуық адам қатысты.

«Франция—ССРО» ассоциациясы ұлттық комитетінің мәлімдемесі

ПРИЖЕ, 10 май. (СОТА) Бүгін «Юма-тық, екі соғыста қалыптасқан тұмсан-

ИТАЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ КҮРЕСІ

РИМ, 10 май (СОТА). Италияда еңбекшілердің өз праволарын қорғауға ұмтылған жалпы толқуы өлі де болып жатыр.

Кеше жұмыссыздық кезінде берілетін көмекті төлеу туралы заңның сақталуын талап еткен 2 миллион батрақтар мен ауыл шаруашылығы жұмысшыларының біркүндік ереуілі басталды. Сол сыяқты сауда жүйесінің қызметкерлері де 24 сағаттық жалпы ереуіл жасап, оған жалғанып арттырылуын талап ететін 1 миллионнан астам адам қатысты.

Әлеуметтік хауіпсиздендіру және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің 60 мың қызметшілері жұмысқа алты күннен бөрі шыққан жоқ, олар да жалақының арттырылуын талап етуде. Генуядағы порт өнеркәсіп кәсіпорындары еңбекшілерінің ереуілі 110 күнге созылды, оларды Италиядағы барлық порттардың жұмысшылары қолдауда.

БүкілИталиялық еңбек конфедерациясының бас секретары Ди Витторіо «Унита» газетінде жарияланған мақаласында ереуіл күресі туралы айта келіп, былай деп атап өткен: міндет еңбекшілердің заңды талаптарын қанағаттандыру жолындағы жеке бас көтерулерді біртұтас қуатты қыймылға топтастыруда болып отыр.

ИТАЛИЯДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖАППАЙ ЕРЕУІЛІ

РИМ, 10 май. (СОТА). «Унита» газеті былай деп хабарлайды: жұмыссыздық кезінде берілетін жәрдемдерді төлеу туралы заңның сақталуын талап еткен 2 миллион батрақтардың кешегі жалпы ереуілі еңбекшілердің зор топтасқандық және ұйымшылдық жағдайында өтті. Омилія мен Тоскан облыстарында және Ломбардияның едәуір аудандарында ереуілдерге батрақтардың 100 проценті қатысты. Италияның қалған аудандарында ереуіл көтерген батрақтар да 90 проценттен кем емес. Көптеген ауыл шаруашылығы орталықтарында ереуіл көтерушілердің митингтері болды.

АНГЛИЯДАҒЫ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ НАУҚАН

ЛОНДОН, 11 май (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарлауына қарағанда, кеше Англияда 26 майда болатын парламент сайлауына кандидаттар ұсыну басталған. Лейбористік партия Спикер дауысқа түсетін (председатель) жалғыз қауымдар палатасынан басқа округтердің бәрінде де (онда 630 округ бар) өзінің кандидаттары ұсынып отыр, ал дәстүр бойынша басты саяси партиялар Спикерге қарсы өздерінің кандидаттарын ұсынбайды. Консерваторлар либералдардың позициясы басқаларға қарағанда беріктеу болып отырған бес округтен басқа қалған округтердің бәрінде де кандидаттар ұсынуда. Либералдар әзірше 104 кандидат ұсынды. Коммунистік партия баспасөзін ха-



ұлы ақын Пушкин. Расында да орыс ғылымдарының атасы болып табылатын ұлы оқымыстының Россияның болашағы үшін сіндірген еңбегі орасан зор еді. Бойындағы барлық күш-жігерін, ақыл-ойымен даналығын бір мақсатқа—өз Отанының даңқы мен игілігіне арнаған ол ғылымның барлық дерлік салаларында өзінің өшпес ізін қалдырды.

Ломоносов — орыс тарихындағы кесек тұлға. Тек қана орыс ғылымының ғана емес, дүниесүздік ғылым мен мәдениеттің өмірінде болған ұлы жаңалықтардың бірі осы Ломоносовтың атымен байланысты. Заттың сақталу заңын бірінші болып ашқан ол осы арқылы ғылым дүниесінде өздерінің топас пікірлерін «орнықтырған» жалған оқымысшылардың діншіл-реакцияшыл ілімдеріне өлтіре соққы берді.

Ломоносов тек қана ұлы оқымысты емес, ол сонымен қатар тамаша ақын еді. Орыс әдебиетінің тарихында ол өзінің аса көркем және мазмұнды өлеңдерімен көрнекті орын алады.

Фильмде Михаил Ломоносовтың ғылыми даналығы мен ұлы патриоттығы кең түрде бейнеленген. Рас, бұл кинокартинада Ломоносовтың ғылыми қызметінің жеңілен құлаш жайған дәуірі еді. Талапты артист В. Ливанов ұлы оқымыстының осы кезеңдегі қызметі мен өмірін жан-жақты көрсете алған. Әсіресе Ломоносовтың патриоттық қасиетін бейнелеуде ол өзінің

Ломоносовқа көмектескенде ғылымның дамуына жаны ашығандықтан емес, ең алдымен көлденең жұртқа жақсыатты көріну үшін және Ломоносов оған сол сияқты император әйел Елизаветаға мақтау ода жаза ма деген ниетте болатын. Ал оның жақтастары ұлы оқымыстыны әуелініңінше кемсітуге тырысады. Бірақ Ломоносов олардың бұл әрекетіне «Мен құдай алдында да оның көңілін көтеруші бола алмаймын!» деп жауап береді.

Атақты оқымысты, Ломоносовтың досы Рихманның бейнесі фильмдегі сәтті шыққан образдардың бірі. Артист А. Эскола Рихман образын талантты оқымысты, адал дос дәрежесінде шығара алған. Ал артистка А. Виханди Ломоносовтың әйелі Елизаветаның образын жасауда көп еңбектенген.

Фильмде Ломоносовтың жаулары Шумахер мен Тауберттің образдары солғын шыққандығын айта кету керек. Өз мүдделерін жанталаса қорғайтын, Россия мүддесін аяққа басқан бұл жалған оқымыстылардың Ломоносовқа қарсы жүргізген арсыздық күрестері де жеткілікті бейнеленбеген.

Бұл жекеден кемшіліктер фильмнің жалпы құндылығын кеміте алмайды. Әсіресе ұлы оқымысты, тамаша қоғам қайраткері, шын патриот Ломоносовтың кесек образы фильмді жасаушылардың творчестволық табысы болып табылады.

Т. КӨНІМОВ.

## Балалар яслиі

Өткен жылы Преснов ауданының Киров атындағы колхозында балалар яслиінің жоқтығынан 45 балалы әйел жұмысқа қатыса алмаған еді. Быйыл балалар яслиі ашылып, 4 бөлмелі үй бөлінді.

Балалардың тамағы үшін 140 кило-

### БЕС БӨЛТІРІК ҰСТАДЫ

Октябрь ауданындағы Ново-Шокровк жетіжылдық мектебінің оқушылары ағам ішін аралап келе жатып, қасқырдың апанына кездесті. Олар апанды қазып, бес бөлірік ұстады. Бұл бөліріктердің терісі «Заготживсырьё» мекемесіне тап-

грамм әртүрлі жарма, макарон, картоп, 40 килограмм қант, конфет және басқа тағамдар сатып алынды. Балалар яслиінде Шапко жолдас меңгеруші болып істейді.

С. ҚАНАФИН.

Ж. ИЛІЯСОВ.

## «ЛЕНИН ТУЫНЫҢ» ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

### «Табылмай қойды...»

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 9 апрельдегі нөмерінде осындай тақырыппен жарияланған мақалада қала кітапханаларына В. И. Лениннің және И. В. Сталиннің қазақ тіліндегі шығармаларын тауып алудың қиын екендігі айтылған болатын.

ҚКП қалалық комитеті үгіт және насихат

хат бөлімінің меңгерушісі А. Силян жолдас редакцияға бұл мәселе бойынша кітапхана қызметкерлерінің көпесі өткізілгендігін, облыстық, қалалық кітапханалардың В. И. Лениннің және И. В. Сталиннің қазақ тіліндегі шығармаларын толық сатып алғандығын хабарлады.

ШАНХАЙ, 10 май. (СОТА). Шанхай радиосының хабарлауына қарағанда, Кеше Фудзи ауданында американдық соғыс командованисінің мылтық атып үйренуді өткізуді белгілеуіне қарсы наразылық білдірген бұқаралық митинг болған. Митингке 3 мың адам қатысып, олар Фудзи тау ауданындағы американдық базасы үйінің қарсысында демонстрация өткізген.

### ОҢТҮСТІК ВЬЕТНАМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 10 май. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда, Оңтүстіквьетнамдық өкмет орындары Оңтүстік Вьетнамда едәуір француз газеттерін, соның ішінде «Монд», «Франс-Суар», «Фигаро», «Пари Пресс энтрансизан» тағы басқа да газеттердің таратылуына тыйым салған.

Нго Динь Дьем үкметі үкметке қарсы шығып отырған «Винь-Ксюен» діни сектисінің дүние-мүліктерін конфисқалепен.

### ОҢТҮСТІК ВЬЕТНАМ ҮКМЕТІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІС

ПАРИЖ, 10 май. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Сайгоннан берген хабарына қарағанда, Нго Динь Дьем Оңтүстік Вьетнам үкметінің құрамына өзгеріс енгізген. Ол премьер-министрдің қызметін сақтай отырып, өзіне қорғаныс министрлігінің басшылығы қызметін алған. Ву Ван Мау сыртқы істер министрі болып белгіленген. Ішкі істер министріне Вань Тинь белгіленді.

### ЧАНКАЙШИЛІКТЕРДІҢ АНГЛИЯНЫҢ САУДА КЕМЕСІН БАСЫП АЛУЫ

НЬЮ-ЙОРК, (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарынан көрініп отырғанындай, 4 майда Англияның «Инчарран» жүк кемесі Чанхайға барар жолында Тайвань қылысынан өтіп бара жатқан кезде чанкайшилік кемелердің шабуылына ұшыраған және тоқтатылған. Тайваньдағы ағылшын консулы гоминдан үкметіне наразылық білдірген.

### ИМПЕРИАЛИСТЕРДІҢ СИРИЯДАҒЫ ТІМІСКІЛЕНУШІЛІГІ

ТЕЛЬ-АВІВ, 8 май (СОТА). Баспасөздер Сирия армиясы бас штабы бастығының көмекшісі полковник Аднан Малики өлтірілгеннен кейін Сирияда туып отырған шиеленіскен жағдайға баса назар аударуда.

«Джерузалим Пост» газеті бүгін мынаны атап көрсетуде: Маликидің өлтірілуі сыртқы саясат проблемаларымен байланысты және Маликиді өлтіруге қатысқан, көзін таратылған ұлттық-социалдық партия Батыс державалардың агентурасы ретінде қыймыл жасаған.

«Франция—ССРО» ассоциациясы ұлттық комитетінің мәлімдемесі жарияланған, ассоциацияның сессиясы ассоциация председателі генерал Петидің баяндамасын тыңдап, талқылаған болатын. Мәлімдемеді былай делінген: Француз үкметі фашизмді жеңудің онжылдығын мерекелеуге нұқсан келтірді, өйткені ол ССРО-ға қарсы бағытталған соғыс коалициясына Батыс Германияны енгізетін Париж келісімдерінің бекіту грамоталарын сақтауға берді.

«Алайда,—деп атап көрсетілген мәлімдемеді,—Франция мен Совет Одағы халықтарының арасындағы дәстүрлі дос-

дық, әлі де өмір сүріп отыр. Барлық елдерде да екі елдің арасындағы бейбіт ынтымақтастық Франция үшін оның ұлттық мүдделері көз қарасынан аса қажетті. Міне сондықтан да «Франция—ССРО» ассоциациясы бұрынғыдан бері де осы достық пен ынтымақтастықты сақтауға және нығайтуға барлық француздарды көбірек шақырып отыр».

Сонымен бірге газетте ассоциацияның вице-председателі Айдра Пьеррардың мақаласы жарияланып, онда Франция үшін ССРО-мен экономикалық және мәдени байланысты кеңінен өрістетудің қажеттілігі атап көрсетілген.

## Солтүстік-атлантикалық одақ созетінің сессиясы

ПАРИЖ, 9 май (СОТА). Бүгін Парижде Солтүстік-атлантикалық одақ советінің (НАТО) кезекті сессиясы ашылды. Ол үш күнге созылады. Франс Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда, бірінші мәжіліс Париж келісімдерінің негізінде осы соғыс блогіне Батыс Германияны қабылдауға арналды.

Осыған байланысты НАТО-ға қатысушы елдердің сыртқы істер министрлері сөз сөйледі. Бейбітшілікке ұмтылу жөніндегі жалпы сөздермен бұркемелен, сессияға қатысушылар халықаралық шиеленісті өршіте түсетін «күш жұмсау позициясы» саясатын барынша көңіресе мақтасты. АҚШ-тың мемлекеттік секретары Дамлес Солтүстік-атлантикалық одақтың мүшелері сүйеніп отырған принциптер «қуатты күшпен қорғауды қажет етеді» деді. Бельгияның сыртқы істер министрі Спаак «күш жұмсау тұрғысы-

нан келіссөздер жүргізу» деп аталатынды жақтап сөйледі. Оның сөзіне қарағанда, «мүмкіндігі бар ең жақсы жағдайда келіссөздер жүргізуде артықшылығы бар жағдайға ие болу үшін күшті болу қажет» көрінеді. Сессияға қатысушылардың насихаттау сөздері халықаралық проблемаларды шешуге көмектеспейтін және соғыс қатерін күшейте түсетін өздері жүргізіп отырған саясаттың агрессивалық сылатын мәймөншелеуге бағытталды.

Бұдан кейін Солтүстік-атлантикалық блок Советінің жабық мәжілісі болды.

ПАРИЖ, 9 май (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда, бүгін генерал Ханс Шпейдель бастаған Батыс Германияның алты өскері өкілінің тобы ресми түрде Европадағы Солтүстік-атлантикалық одақ ұйымының (НАТО) қарулы күштерінің жоғарғы бас командованисінің штабына енгізілген.

### «БАТЫСЕВРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫ» ҚАРУЛАНДЫРУДЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТІН ҚҰРУ

ПАРИЖ, 9 май (СОТА). Мұнда қаруландырудың тұрақты комитетін құру туралы «Батысевропалық одақ» Советінің сессиясында қабылданған қарар жарияланған.

Бұл документте былай делінген: Совет «Батысевропалық одақ» елдерінің қарулы күштерінің тиімділігін және олардың стратегиясын жақсартудың, сонымен бірге бұл елдердегі ресурстарды ол елдердің қарулы күштерін қаруландыру және жабдықтау үшін пайдаланудың, ең жақсы жолдарын табуға әрекет етуді» тиімді деп тапты... Осыған байланысты Батысевропалық одақ шеңберінде қаруландырудың тұрақты комитетін құруға ұйғарылды, бұл одақ «Солтүстік-атлантикалық одақпен байланыс жасап тұру үшін» Парижде орналасатын болады.

Комитет «Солтүстік-атлантикалық одақпен тығыз ынтымақта... қаруландыру саласындағы ынтымақтастықты нығайтумен шұғылданатын болады... Оған, атап айтқанда, мыналар: құруды стандарттауға және оны өндіруге қатысы бар «келісімдер немесе шаралар жасау» жүктеледі. Мұндай келісімдер «Батысевропалық одақ» елдерінің барлығының да арасында жасалына алады».

Париждің демократиялық топтарында қаруландырудың тұрақты комитетін құруды Европада соғыс топтарын құруға бағытталған және халықаралық шиеленісті бөсеңдетуге бөгет жасауды ойластырған батыс державаларының агрессивалық топтары саясатының жаңа көрінісі деп бағалануда.

барлауына қарағанда, 17 кандидат ұсымған.

### АҒЫЛШЫН КЕНШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ЛОНДОН, 11 май (СОТА). Пресс Ассошиэйн агенттігінің хабарлауына қарағанда, кеше Ланкаширдің 5 мыңға жуық кеншілері ереуіл көтерген. Олар кеншілердің ұлттық кәсіподағына көмір өнеркәсібінің барлық жұмысшыларының жабылдануын талап етуде.

Поркширде 47 шахта жұмысшыларының жалақыны арттыру туралы талаптарын қолдауға арналған кеншілердің ереуілі өлі де болып жатыр. Кеншілердің ұлттық кәсіподағының жұмысшылар кәсіп иелерімен келіссөзді күте отырып, жұмысқа шығады деген мәлімдемесіне қарамастан, Поркшир көмір бассейнінде 62 мың адам әлі де ереуіл көтеруде.

— 300 —

### ЕЛІМІЗДЕ ФУТБОЛДАН БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖАРЫСЫ

9 майда, Москвада елімізде футбол жөнінен «А» тобындағы командалардың арасында бірінші орын алу жарысының кезекті кездесуі болды. Астаналық «Торпедо» қорамының командасы ленинградтық «Еңбек резервтері» командасының футболшыларымен кездесті.

Ойын шиеленіскен күрес жағдайында өтті. Жарыстың бірінші жартысында есепті ленинградтықтар ашты. Алайда, үзілістен кейін торпедолықтар едәуір жақсы ойнап, жеңіске жетті. Олар қарсы жақтың қақпасына екі доп өткізіп, сөйтіп жарысты 2:1 есебімен ұтып шықты.

(СОТА).

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«БӨГЕЛЕК»

Сеанстар сағат 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«АНТУАН МЕН АНТУАНЕТТА»

Сеанстар сағат 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс,

көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.